		<p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сан есімдерді ретімен атауға дағдыландыру Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу</p>
3	Көркем әдебиет	<p>«Балалар кітапханасы»-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
4	Қазақ тілі	<p>«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру 1.“Тәртіп жауапкершіліктің- бірінші қаруы” 2.“Дүниеде достық заңынан асқан заң жоқ. 3.“Тәртіп- тәрбие бастауы.4.“Әділ заң - аспан тірегі” Тілдік дамытушы орта Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.</p>
5	<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p>	<p>Шама Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және</p>

		кему ретімен орналастырып, салыстыру.
6	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді жетілдіру.
7	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету. Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау.
8	Жапсыру	Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
9	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру Қағаздан құрастыру: Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
10	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Іс-әрекет барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Барабан, металлофон, сылдырмақ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.

		<p>Билер. Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.</p> <p>Іс-әрекет барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу.</p> <p>№19. Дидактикалық ойын: «Бізге келген қонақтар» ойыны. 1-апта. Мақсаты: Барабан, металлофон, сылдырмақ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнату. Дыбыс ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>№20. Дидактикалық ойын: «Ол қалай жүреді?» 2-апта. Мақсаты: Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.</p> <p>№21. Дидактикалық ойын: «Қар астындағы қызықтар» ойыны. 3-апта Мақсаты: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарда ойнау.</p> <p>№22. Дидактикалық ойын: «Ыстық-суық» ойыны. 4-апта Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p>
11	<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Еңбекке баулу. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа</p>

	<p>қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:</p> <p>қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін ұғындыру</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.</p>
--	--

Әдіскер:  Байхожаева А.К.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы: «Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы

Тобы: «Сұңқар» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы, наурыз айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Заң және тәртіп айы	
Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру	Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»

	<p>-«Үш асық» ойыны.Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақтыдамыту. -« Үш асық» ойыны .Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақтыдамыту. -«Ақсерек-көксерек» ойыны .Балалардыңжылдамдықжәнешымырлыққабілетінарттыру. -«Күш сынаспақ» ойыны.Дәстүрлік таным түйсігін дамыту. Ой-өрістерін жетілдіру. Ұлтжандыққа тәрбиелеу. Еңбегі адал жас өрен, өзіне-өзі қызмет көрсету.</p>
<p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p>	<p>«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасауересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөзтіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту Сөздік қор. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру,қонақты күтіп алу,төрге отырғызу,«қонақкәде»,«сыбаға»,асқайыру,батаберу,қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға,дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>«Балалар кітапханасы»-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,санамақ,жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу.Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>

<p>Қазақ тілі</p>	<p>«Апта дәйек сөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Тәуелсіздік және отаншылдық. 1. «Патриотизм-ата-ананды құрметтей білуің...» 2. «Тәуелсіздік- тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік » 3. «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» 4. «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең.»</p> <p>Тілдік дамытушы орта Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өзбетінше қолдануға баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор Шығарманы жеткізуде оның мазмұнымен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды,үзілістерді,логикалық екпінді қолданып,мәнерлеп айтуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуіне мүмкіндіктер беру.</p> <p>Сан, санау: Реттік сан есімдерді атау,сандарды реті бойынша атауға«нешінші?»сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға,«барлығы қанша?»сұрағына жауап беруге үйрету. 5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Шама: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып,салыстыру. Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атауды дамыту(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау).</p> <p>Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау:</p>

	Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді пысықтау. «құстұмсық», «ботамойын», «ботакөз» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру.
Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру.
Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киізүй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсырудағы дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. Қағаздан құрастыру: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды дамыту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.
Музыка	Музыка тыңдау. Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Әнді қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Асатаяқ, домбыра, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

Билер. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттар. **Көңілді текше ойыны .**

Мақсаты: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. мен би қимылдарын орындау.

Қазақтың ұлттық би өнерімен

таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.

№23. Дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны. 1-апта

Ойынның мақсаты: Қазақтың ұлттық аспаптарының (ішекті, ұрмалы, үрмелі) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.

№4. Дидактикалық ойын: «Үкілі тақия» ойыны 2-апта

Ойынның мақсаты: аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айту дағдыларын қалыптастыру; өтілген әндерді есте сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру.

№11. Дидактикалық ойын: «Ән салған кім?» ойыны

2-апта

Ойынның мақсаты: аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айту дағдыларын қалыптастыру; өтілген әндерді есте сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру.

№16. Дидактикалық ойын: «Көбелектер» 3-апта

Ойынның мақсаты: балаларды музыка үніне сай қимыл жасауға, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуге үйрету. Музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.

	<p>№ 24. Көңілді текше ойыны . 4-апта</p> <p>Мақсаты:Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.</p>
<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Өзін құрметтеуге,өзқадір-қасиетін сезінуге,өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу</p> <p>Заттық әлем: Қазақ халқының ұлттық киімдерімен,әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары: Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау,оларды суару.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілікке,өзара көмек беруге үйрету</p> <p>Жолда жүру ережелері. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.</p> <p>Өлітабиғат құбылыстарымен заттары. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарын да ауа райының түрлі шеболуытуралытүсінікберу.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардыңшаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.</p> <p>Жануарлар әлемі. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегімаусымғатәнкөріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайдаболуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұясалуды, балапан шығаруы Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау,өздігінен от жақпау).</p>

Әдіскер:



Байхожаева А.К.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы: «Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы

Тобы: «Сұңқар» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	
Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру	Кеудеге арналған жаттығулар Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»

	<p>-«Шік-бүк» ойыны. Асықтарды ұту. -«Шік-бүк» ойыны. Асықтарды ұту. -«Бес атар» ойыны. Асық ойынын жан-жақты дамыту. -«Бес атар» ойыны. Асық ойынын жан-жақты дамыту. -«Қалашық» ойыны. Асықтар мен ұпай жинай білу.</p> <p>Еңбегі адал жас өрен, өзіне-өзі қызмет көрсету.</p>
<p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p>	<p>«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор.</p> <p>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету, бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>«Балалар кітапханасы»- жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды</p>

	<p>үйрету.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнымен сипатына сәйкес</p> <p>тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>
Қазақ тілі	<p>«Апта дәйек сөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Тәуелсіздік және отаншылдық. 1. «Жасампаздық-бәрімізге өнеге.» 2. «Шығармашыл бала-ойлы бала » 3. «Өнерлі бала өрге жүзер» 4. «Жанашылдық- заман талабы»</p> <p>Тілдік дамытушы орта</p> <p>Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тынысалуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрысқа былдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері	<p>Жиын:</p> <p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту.</p> <p>Сан, санау:</p> <p>Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды</p>

	<p>атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Шама:</p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру</p> <p>Геометриялық пішіндер:</p> <p>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең) дамыту</p> <p>Кеңістікте бағдарлау:</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау:</p> <p>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу</p>	<p>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңдермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.</p>

<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Қағаздан құрастыру:</p> <p>«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыруды үйрету.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыканың сипатын сезінуге үйрету.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту</p> <p>Әнді қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</p> <p>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Барабан және металлофон аспаптарымен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Билер.</p> <p>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен</p>

	<p>қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p> <p>Әуенді-ырғақты қимыл «Қосарланып билеу» 1-апта</p> <p>Ойынның мақсаты: би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; жұптасып тұру, секіруге үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: Бізге келген қонақтар 2- апта</p> <p>Мақсаты: Барабан, металлофон, сылдырмақ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнату. Дыбыс ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны. 3- апта</p> <p>Ойынның мақсаты: Түрлі музыкалық шулы аспаптардың (қоңырау, металлофон, бубен, маракас т.б) өзіндік тембрлік дыбысталуымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Аспаптарда машықтандыру, қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Түрлі түсті шеңберлер» ойыны 4- апта</p> <p>Ойынның мақсаты: балалардың би жанрларын (полька, ұлттық би, вальс) ажырата білуге, би түрлерін есте сақтауға, әуенді естіп қабылдауға баулиды.</p>
<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.</p> <p>Заттық әлем:</p> <p>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары:</p> <p>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға</p>

сыйластық танытуға тәрбиелеу.

Еңбекке баулу

Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қоюды пысықтау.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға баулу

Жолда жүру ережелері.

Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.

Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.

Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, кемпірқосақ) кеңейту.

Өсімдіктер әлемі.

Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.

Жануарлар әлемі.

Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) ұғымдарын кеңейту, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.

Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.

Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлармен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулуды жетілдіру.

Әдіскер:  Байхожаева А.К.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы: «Бақжан» бөбекжай-бақшасы ЖШС «Бағым» филиалы

Тобы: «Сұңқар» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
«Бірлік және ынтымақ» айы	
<p>Физикалық қасиеттерді дамыту Дене шынықтыру</p>	<p>Спорттық жаттығулар</p> <p>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.</p> <p>Жүзу. Суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртінуге, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> <p>- Өткенді қайталау.</p> <p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»</p> <p>-«Бес кеней» ойыны. Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынынжан-жақты дамыту.</p>

	<p>-«Бес кеней» ойыны. Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақты дамыту. -«Үш асық» ойыны. Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақты дамыту. -«Қалашық» ойыны. Асықтар мен ұпай жинай білу.</p> <p>Еңбегі адал жас өрен, өзіне-өзі қызмет көрсету.</p>
<p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p>	<p>«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтармен жаңылтпаштар айтқызу</p> <p>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор.</p> <p>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жетілдіру</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p>

	<p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>«Балалар кітапханасы»-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға,шығарма мазмұнымен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,санамақ,жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу.Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауды үйрету</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>«Апта дәйек сөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру</p> <p>«Бірлік және ынтымақ» айы. 1. «Күннің көзі ортақ, Жақсының сөзі ортақ.» 2. «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күннің жоқ.» 3. «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлік ойлау үшін тірлік керек.» 4. «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.»</p> <p>Тілдік дамытушы орта</p> <p>Түрлі балалар әрекеттерін де өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге,еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p>

	<p>Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p>	<p>Жиын:</p> <p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту.</p> <p>Сан, санау:</p> <p>«Қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Шама:</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыруға машықтандыру</p> <p>Геометриялық пішіндер:</p> <p>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды қалыптастыру (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p>Кеңістікте бағдарлау:</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау:</p> <p>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін</p>	<p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тік бұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды</p>

<p>дамыту; Сурет салу</p>	<p>сақтау,2-3элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,оларды орналастыру,пропорцияларды сақтау,бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндермен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан,«лего»конструкторлардан құрастыру: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,пластиналарды тігінен және кірпіштерді,бөлшектерді көлденеңінен орналастыру,құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату және атау,оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру,құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау дағдысын дамыту. Қағаздан құрастыру: «Оригами»үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруын дамыту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.Шығармашылық қиялдыдамыту,көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тындау. Таныс шығармаларды білу. Әндерді иллюстрацияларды көрсету мен және қимылдармен сүйемелдеу. Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық асатарды қолдану. Балалар музыкалық аспаптарын тану және қолдану.</p>

Музыкалық-ырғақты қимылдар.

Музыканың нақты ырғағын бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.

Билер.

Музыканың көңілді, ойнайқы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. Ұлттық би үйрету.

Өткенді қайталау.

№4.Дидактикалық ойын: «Үкілі тақия» ойыны 1-апта

Ойынның мақсаты: аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айту дағдыларын қалыптастыру; өтілген әндерді есте сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру

№19.Бізге келген қонақтар 2-апта

Мақсаты: . Барабан, металлофон, сылдырмақ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнату. Дыбыс ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.

№6. Дидактикалық ойын: Әуенді-ырғақты қимыл «Қосарланып билеу» 3-апта

Ойынның мақсаты: би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; жұптасып тұру, секіруге үйрету.

№14. Дидактикалық ойын: «Көңілді орындық» ойыны. 4-апта

Ойынның мақсаты: Балаларды таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруға үйрету; музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдар дыбастау. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Заттық әлем: Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуді. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары: Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білуді дағдыларын қалыптастыру. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Еңбекке баулу Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: өсімдіктерге күтім жасау, оларды суару, ауладағы гулдерді суару. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар—адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекеттен баланың әрекеттерін қолдауға үйрету.</p> <p>Менің Отаным—Қазақстан. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.</p>

Өлітабиғат құбылыстарымен заттары.

Ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, тас, саздың қасиеттерін анықтау дағдысын бекіту.

Өсімдіктер әлемі.

Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).

Жануарлар әлемі.

Құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау дағдысын пысықтау.

Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.

Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениет дағдыларын қалыптастыру.

Әдіскер:  Байхожаева А.К.